



32-СӘЖДЕ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Ұғымын Алла біледі. (1) Бұл Кітап, әлемдердің Раббы тарапынан түсірілген. Мұнда шәк жоқ. (2) Олар: "Оны өзі жасады" дей ме? Олай емес, сенен бұрын ескертуші жіберілмеген елге ескертуің түшін ол, Раббыңнан бір шындық. Эрине олар, тұра жол табар. (3) Ол сондай Алла, көктөр мен жерді әрі екі

арасындағыларды алты күнде жаратып, сосын гаршыны менгерді. Сондықтан сендердің Одан өзге ешбір иелерің де шапагатшыларың да жоқ, ойламайсындар ма? (4) Ол, көктөн жерге дейін істі игереді. Сосын сендердің санауларың бойынша, мың жыл шамасындағы бір күнде Оған көтеріледі. (5) Ол көместі де көрнеуді де білуші. Өте үстем, тым мейірімді. (6) Ол сондай Алла, әр нәрсенің жаратылысын көркемдестірді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды. (7) Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты. (8) Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рұхын тұлады. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсінү қабілетін берді. Аз шүкір етесіндер. (9) Олар: "Қашан топыраққа араласып, жоғалсак, шын-ақ жаңа жаратыламыз ба?", – дейді. Эрине олар, Раббыларына қауышуға қарсы келгендер. (10) (Мұхаммед Ф.С.): "Сендерге уәкіл етілген өлім періштесі жандарынды алады. Сосын Раббыларыңа қайтасындар" де. (11)



Күнекарлардың, Раббыларының жанында бастарын иіп: "Раббымыз! Көрдік, естідік, енді бізді (дүниеге) қайтар, тұзу іс қылайық. Рас нандық" дегендерін бір көрсөн! (12) Егер қаласақ еді, әркімді тұра жолға салар едік. Бірақ Менен: "Тозақты бүтіндей жындар, адамдармен толтырамын" деген сөз болған. (Бұлар, шайтандармен оларға ерген адамдар. 38-С. 84-85-А.) (13) "Бүгінге кездесуді ұмытудың демін татындар. Рас біз де сендерді ұмыттық. Истегендеріңің салдарынан мәңгі азапты татындар" (14) (Сәжде аяты бар.) Шын мәнінде аяттарымызға, өздеріне үгіт берілген кезде, сәждеге жығылып; Раббыларын мақтап, пәктейді. Сондай-ақ тәкаппарланбай иман келтіреді. (15) Олардың жамбастары төсектерінен ажырап, (түнде үйқыдан тұрып,) Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынга жұмсайды. (16) Ешкім

қылмысы жаққандықтан өздеріне қемес сақтаулы қуанышты сыйлықты білмейді. (17) Мұмін болған кісі, бұзық болған кісі сияқты бола ма? Эрине тәң болмайды. (18) Өйткені иман келтіріп, ізгі іс истегендер; олардың істеген ғамалдарына жарай қонақ үй түрінде жаннаттар да орын бар. (19) Ал енді бұзақылардың орны тозақ. Эрқашан олар одан шығуды қаласа, оған қайтарылады да: "Өздерің жасынға шыгарған оттың азабын татындар" дедінеді. (20)



417

Эрине оларға зор азаптан бері дүниенің азабын татырамыз. Мүмкін олар райдан қайтар. (21) Раббыңдың аяттары арқылы түгіт берілгеннен кейін олардан бет бұрганнан кім залымырақ? Эрине күнәкарлардың лайықты жазасын береміз. (22) (Мұхаммед F.C.) әрине Мұса (F.C.) ға Кітап берген едік. Енді сен де оған қауышудан күдіктенбе... Оны Израил үрпактарына тұра жол қылдық. (23) Эрі олар сабыр етіп, аяттарымызға нақ сенген кезде, араларынан бүйрығымызбен тұра

жол көрсететін бастықтар қылған едік. (24) (Мұхаммед F.C.) Әрине Раббың қиямет күні, олар қайшылыққа түскен нәрселер жайында араларына шешім жасайды. (25) Бұлардан бұрын, қашалаган нәсілдерді жоқ еттік. Бұлардың, олардың жұрттарында жүріп жүргендігі бұларға жол көрсетпей меге? Расында мұнда гибраттар бар. Сонда да тыңдамай ма? (26) Олар көрмей меге? Рас суды, шөл жерге апаралып да ол арқылы малдары әрі ездері жейтін өнім шыгаралып. Олар сонда да көрмей меге? (27) Олар: "Егер шыншыл болсаңдар, бұл шешім қашан болады?", - дейді. (28) "Шешім күні, кәпірлерге имандары пайда бермейді әрі оларға мұрса да берілмейді" де. (29) Енді олардан бет бұр да күт! Расында олар да тосуда. (30)